

Бекітемін:
«СҚО әкімдігінің білім басқармасы» КММ
«Есіл ауданының білім бөлімі» КММ
«Петровка орта мектебі» КММ директоры
Закрын А.Ж
2021 ж



Вариатив

Мектепалды даярлық сыныбы ***«Ертегілер елінде»***

*(Балалардың қызығушылығына
арналған оқу қызметі)*

Тәрбиеші: Бекмаганбетова С.Н

2021-2022 оқу жылы

Түсінік хат

Мектепалды даярлық сыныбында «Ертегілер елінде» қосымша сабақ ретінде өткізу бір мақсатты көздейді. Даярлық тобында оқушылардың қиялын, ой – өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту мақсатында жүргізу, сауат ашудың бір бөлігі. «Ертегілер елінде» қосымша сабақты өткізу оқушылардың танымдық қабілетін, жағымды – жағымсыз қылықтарды ажырата білуге дағдыландырылады.

Даярлық тобында «Ертегілер елінде» қосымша сабақ оқушылардың жасерекшеліктерін, психологиялық даму ерекшелігі есепке алынады. Бұл курстық сабақ балаларды ойлауға, өз ойын айтуға, жауапкершілікті сезінуге тәрбиелейді. Бұл сабақта жүргізу барысында оқушылар қазақ халқының және де басқа да халықтардың ертегілерімен танысады.

Ертегілердің бай мазмұны мен сан – алуан кейіпкерлерімен танысады. Олардың меніз – құлық ерекшеліктерімен танысады. Даярлық тобында бұл сабақты жүргізу оқушылардың өз бетінше ойлауға пікір, ұсынысын айтуға баулиды. Даярлық тобында бұл сабақ білім негізінің алғашқы баспалдығын қалайды.

Мақсаты:

Даярлық тобында оқушыларды ертегілермен таныстыру арқылы балалардың қиялын, ой – өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту.

Міндеттері:

1. Балаларды қазақ халқының ертегілері мен басқа ұлттардың ертегілерімен таныстыру.
2. Балаларды ертегі кейіпкерлерінің мінез – құлық ерекшеліктерін ажырата алу білігін дамыту.
3. Балаларды ертегілер арқылы кішіпейілділікке, адамгершілікке, шанайы достыққа тәрбиелеу.

Курс мазмұны

Даярлық тобында «Ертегілер елінде» қосымша сабағында балалар әр ұлттың ертегілермен танысады. Сол ертегілер кейіпкерлерінің мінез – құлық ерекшеліктерін ажырата алуға үйренеді. Олар сөздерді еркін қолдануға, өз пікірлерін айтуға, оны негіздеуді, жақсы – жаманды ажырата білуге дағдыланады. Сөздік қорын, тіл байлығын арттырып, кейіпкерлердің обрызына ену қабілетін дамытамыз. Ертегі мазмұнынан адамдардың мінез – құлықтары, ниеттері әр – түрлі екенін балаларға түсіндіру арқылы жеке тұлға ретінде қалыптастыру.

Бұл қосымша «Ертегілер елінде» сабағында оқушылар жауапкершілікті сезінуге тәрбиелейді.

I – IV – тоқсан аралығында балалар «Ертегілер елінде» қосымша сабағында аңдар – жануарлар мен олардың төлдерін ажыратуды, ауа – райы құбылыстарымен танысады. Сондай – ақ бағдарламада балаларды мектепалды даярлықтан өткізіп, оқытудың төмендегідей міндеті қарастырылады:

- Әлеуметтік дамуда баланың үлкендермен қарым – қатынасы және өз құрбыларымен баланың ой – өрісінің қалыптасу мүмкіндіктері көзделеді. Өз отанына, отбасына, халқының салт – дәстүріне көңіл бөлу жолдары қарастырылады.
- Танымдық даму барысында мына міндеттер ерекшеленеді: айналаны қоршаған өмірмен таныстыру мәселелерін түйіндеу, оның тәсілдері мен қасиетін сезіну.
- Әсемдік даму (эстетикалық) барысында өмірге деген құштарлық пен көркемдік танымды қалыптастырады.

Ертегілер елінде вариативтік компонент

**Балалардың қызығушылығына арналған
оқу қызметіне тақырыптық жоспар**

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1	Қайдан келдің бауырсақ?	Балаларды нанды қадірлей, қастерлей білуге тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.	1	03.09.21	
2	Бір үзім нан	Балаларға «Алтын, күміс тас екен, арпа, бидай ас екен» деген мақалдың мағынасын ашып түсіндіру. Көз бұлшық еттерін дамыту.	1	10.09.21	
3	Біруыс мақта әңгімесі	Балаларды әңгіме мазмұнын түсініп, мәнерлеп айта білуге үйрету. Сөздік қорларын молайту. Көру мүмкіндіктерін дамыту.	1	17.09.21	
4	Бір қазан сүт	Өлеңді тыңдай білу қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту. Көру мүмкіндіктерін дамыту.	1	24.09.21	
5	Мақта қыз бен мысық ертегісі	Ертегіні түсіндіре отырып, балаларды достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Ертегіні рөлге бөліп ойнауға баулу. Көз бұлшық еттерін дамыту.	1	01.10.21	
6	Әке мен бала әңгімесі	Балаларға «Азға қанағат етпесең, көптен құр қаласын» деген мақалдың мағынасын түсіндіру. Үлкенді тыңдауға тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту.	1	08.10.21	
7	Қарлығаштың құйрығы неге айыр?	Ертегіні түсіне білуге, достыққа тәрбиелеу. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1	15.10.21	
8	Ұр тоқпақ ертегісі	Балаларға үлкенді тыңдауды, сыйлауды үйрету. Рұқсатсыз кісінің затына тиісуге болмайтындығына бойларына сіңіру. Көру мүмкіндіктерін дамыту.	1	22.10.21	
9	Қызыл телпек ертегісі	Тыңдаған ертегіні естеріне сақтап, мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету. Тіл байлықтарын дамыту. Көру мүмкіндіктерін дамыту.	1	29.10.21	
10	Күншіл үйрек	Балаларға «біреуге ор қазсаң, өзің түсесің» деген мақалдың мағынасын түсіндіру. Көз бұлшық еттерін дамыту.	1	12.11.21	
11	Кірқоймас өлеңі	Балаларды тазалыққа, еңбекке жақын болуға тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту.	1	19.11.21	
12	Дос іздеген бота ертегісі	Ертегі арқылы балаларды достыққа тәрбиелеу. Тіл байлықтарын дамыту. Көз бұлшық еттерін дамыту.	1	26.11.21	
13	Қаңтар мен ақпан ертегісі	Ертегі арқылы балалардың қыс туралы түсінігін кеңейту, байланыстырып сөйлеуге төселдіру. Көру мүмкіндіктерін дамыту.	1	03.12.21	
14	«Түймеқыз» ертегісі	Балаларға ертегіні оқып таныстыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.	1	10.12.21	
15	Ең қымбат байлық	Балаларға «Денсаулық – зор байлық» деген мақалдың мағынасын түсіндіру.	1	17.12.21	прим. № 148 Н от 26.11.21
16	Еңбекпен тапқан нан	Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, нанды қастерлеуге, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерінің жұмысын дамыту.	1	24.12.21	

17	Еңбек пен безгек	Балаларды жалқаулықтан жиреніп, еңбекті сүйеге тәрбиелеу. Есте сақтау қабілеттерін, тіл байлықтарын дамыту.	1	21.01.22	
18	Мақтаншак қоян	Балаларды ертегі мазмұнын мәнерлеп айтуға және диалогты сөйлеуге үйрету. Көру мүмкіндіктерін дамыту.	1	28.01.22	
19	Байлық пен ақыл	Балаларға ертегі оқу арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ақылды болуға тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту.	1	04.02.22	
20	Қасқыр, түлкі, әтеш	Ертегі арқылы балалардың сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту. Көру мүмкіндіктерін дамыту.	1	18.02.22	
21	Қырыққабат пен алма	Жемістер мен көкөністер туралы білімдерін дамыту. Диалогты сөйлеуге үйрету. Көз бұлшық еттерінің жұмысын дамыту.	1	25.02.22	
22	Орман дәрігері	Балалардың құстар туралы білімдерін жетілдіру. Елдің табиғатын сүйеге үйрету. Көз бұлшық еттерін дамыту.	1	04.03.22	
23	Ұсқынсыз балапан	Құстарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ертегіні түсіне білуге үйрету. Көру мүмкіндіктерін дамыту.	1	11.03.22	
24	Күшік пен мысық	Ертегіні түсінуге, мазмұнын айта білуге үйрету. Рөлге бөліп ойнауға, тіл байлықтарын дамыту. Көру мүмкіндіктерін дамыту.	1	18.03.22	
25	Балабақша ағаштары	Балаларды табиғатты сүйеге, имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.	1	01.04.22	
26	Жақсылықпен жамандық	Балаларды жамандықтан жиренуге, жақсылықтан үйренуге тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту.	1	08.04.22	
27	Кім неден күшті?	Ертегі арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Диалогты сөйлеуге үйрету. Көру мүмкіндіктерін дамыту.	1	15.04.22	
28	Торғай мен түлкі	Ертегіні балаларға көлеңке театры арқылы сахналату. Көру мүмкіндіктерін дамыту.	1	22.04.22	
29	Қайырымды қоян ертегісі	Бала мен қоян арасындағы достықты үлгі етіп, достыққа адал болу қажеттілігін түсіндіру. Тіл байлықтарын молайту. Көру мүмкіндіктерін дамыту.	1	29.04.22	
30	Жыл басына таласқан хайуанаттар ертегісі	Балаларды жануарларды сүйеге тәрбиелеу. Ертегіні сахналау арқылы тіл байлықтарын дамыту. Көз бұлшық еттерін дамыту.	1	06.05.22	
31	Төрт дос ертегісі	Балаларды уақытты бағдарлай білуге үйрету. Достыққа тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту.	1	13.05.22	
32	Саңырауқұлақ саясында ертегісі	Балаларды достыққа, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу. Ертегіге қызығушылықтарын арттыру. Көру мүмкіндіктерін дамыту.	1	20.05.22	
33	Қысқы баспана ертегісі	Ертегіні оқи отырып балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1		20.05.22